

**Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 3 маусымдағы № 235 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 тамызда № 14139 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 52 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.10.2018 № 757 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 52 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 86-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін тексеру парағы бекітілсін.

2. "Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін және қызметін тексеру мәселелері бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 446 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11695 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орыналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялануға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу

жөніндегі комитетінің

төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2016 жылғы 22 шілде

**Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс  
бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті  
атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
қызметі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттары  
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 722 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12389 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – мынадай жергілікті атқарушы органдар:

сәулет және қала құрылысы,  
құрылыс,

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары;

2) елеулі бұзушылық – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын және дұрыс емес есептілік және мониторинг ұсынуға, мемлекеттік нормативтердің сақталмауына, уақтылы және дұрыс ресімделуін, хабарлама қабылдап алу, тексеру өткізу тәртібі және оқшылықтарды түзеуден басқа, сонымен қатар тұлғалардың заңды мүдделерін және құқықтарын бұзғаны, шағымдар мен өтініштерді болуымен тәртібі;

3) елеусіз бұзушылықтар – атқару құжаттарын уақтылы және дұрыс ресімделмеу.

4) өрескел бұзушылық – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзу нәтижесінде қолайлы мекендеу ортасының жағдайы адамның, оның ішінде мүгедектердің, тұрмыс-тіршілігі нашарлайтын техногендік апаттар факторларының болуына (ғимараттар мен құрылыстардың тіреу және қоршау конструкцияларының қирауы), Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын қоғам мүдделерін залал келтіретін, сондай-ақ штатта тиісті білімімен тәжірибесі бар қызметкерлердің болмауына, іске асырылған құрылыс объектілерінің болмауына, сарапшылардың жауапкершілік деңгейлеріне сәйкес келмеуіне және жоқ болуына, лицензиясының және аккредиттелген сарапшылардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

б) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарды іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тексеру парағы – сақталмауы адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіретін тексерілетін субъектілер қызметіне қойылатын талаптарды ғана қамтитын талаптар тізбесі;

3. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары субъективтік өлшемдер бойынша қалыптастырылады.

## **2-тарау. Субъективтік өлшемшарттар**

4. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттарын айқындау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) тексерілетін субъект ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;

3) негізделген шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге барудың нәтижелері;

5) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сауалдары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмалары және мемлекеттік органдардың ақпараттары пайдаланылады.

5. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективтік өлшемшарттар үш бұзушылық дәрежесі бойынша бөлінеді: өрескел, елеулі және елеусіз.

Тексерілетін субъектіні тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда тексерілетін субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$P_3 = \left( \frac{\sum P_2 \times 100 / \sum P_1}{\sum P_1} \right) \times 0,7$$

мұндағы:

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum$

$P_1$  – елеулі бұзушылықтар жалпы саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_H = (\sum P_2 \times 100 / \sum P_1) \times 0,3$$

мұндағы:

$\sum P_H$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеусіз бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $\sum P$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$\sum P =$$

$$\sum P_3 +$$

$$\sum P_H$$

мұндағы:

$\sum P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum$

$P_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$P_H$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға қосымшада көрсетілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 60-тан бастап 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізіліп жатса – жоғары тәуекел дәрежесіне жатады;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болған кезде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілмесе – тәуекел дәрежесіне жатпайды.

Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде бұрын нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты ескерілген және пайдаланылған субъективтік өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Ішінара тексеру жүргізудің жиілігі жылына бір реттен жиі емес.

Ішінара тексерулер реттеуші органның бірінші басшысы бекіткен талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша тоқсанға қалыптастырылатын ішінара тексеру тізімдерінің негізінде жүргізіледі. Ішінара тексерулер тізімі тиісті есепті кезең басталғанға дейін он бес күнтізбелік күн бұрын мерзімнен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Ішінара тексерулер тізімі:

субъективтік өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші неғұрлым көп тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдылығы;

мемлекеттік органды тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаға салынатын жүктемелер ескеріле отырып жасалады.

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясында тәуекел дәрежелерін бағалау Өлшемшарттарына қосымша

## Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
<b>1. Сәулет және қала құрылысы органдары</b>		
1. Тексерілетін субъект ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;		

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге барудың нәтижелері;
3. Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;
4. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сауалдары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмалары және мемлекеттік органдардың ақпараты.

1	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді мекендерінің мынадай қала құрылысы жобаларымен қамтылмауы:	
1.1	бас жоспарлармен	елеулі
1.2	егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен	елеулі
1.3	құрылыс салу жобаларымен	елеулі
1.4	мынадай қағидаларды сақтай отырып, қала құрылысы жобаларын әзірлеу және іске асыру:	
1.4.1	қала құрылысы регламенттерінің	елеулі
1.4.2	мемлекеттік қала құрылысы нормативтерінің	елеулі
1.5	аумақтарды аймақтарға бөлінуін сақтау:	
1.5.1	аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу	елеулі
1.5.2	қызыл сызықтардың сақталуы	өрескел
1.5.3	сары сызықтардың сақталуы	өрескел
1.5.4	құрылыс салуды реттеу сызығының сақталуы	өрескел
2	Жергілікті атқарушы органдардың шешімін дайындау кезінде мынадай қала құрылысы талаптарын сақтамау:	
2.1	өтініш берушіге жерге тиісті құқық беру туралы	өрескел
2.2	қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларына (жекелеген бөліктеріне) реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жүргізуге арналған тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі	өрескел
2.3	тарих және мәдениет ескерткіштері мен олардың ансамбльдерін сақтау бойынша	өрескел
3	Құрылысқа арналған эскиздік (жобаны) келісу туралы талаптарды сақтамау	елеулі
4	Объектілерді пайдалануға беру актілерінің міндетті түрде тіркеудің болмауы және пайдалануға берілетін объектілердің (кешендердің) есебін жүргізбеу	елеулі
5	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, салынып жатқан (салынуы көзделген) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізбеу	елеулі
6	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру мерзімдерін сақтамау	елеулі
7	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын мынадай негіздемелерді толтырмай беру:	
7.1	учаскенің орналасқан жері	өрескел
7.2	құрылыстың болуы (учаскедегі қолданыстағы құрылғылар мен құрылыстар, оның ішінде коммуникациялар, инженерлік құрылыстар, абаттандыру элементтері және басқалар)	өрескел
7.3	геодезиялық зерделенудің (түсірілімдердің болуы, олардың масштабтары болуы)	өрескел
7.4	инженерлік-геологиялық зерделенуі (инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ-ботаникалық материалдардың және басқа да іздестірулердің болуы)	өрескел
7.5	объектінің функционалдық мәні	елеулі
7.6	қабаты	елеулі



7.7	жоспарлау жүйесі	елеулі
7.8	конструктивтік схемасы	елеулі
7.9	инженерлік қамтамасыз ету	елеулі
7.10	көлемдік-кеңістіктік шешімді толтыра отырып	елеулі
7.11	бас жоспардың жобасы:	елеулі
7.11.1	тік жоспарлау	елеулі
7.11.2	абаттандыру мен көгалдандыру	елеулі
7.11.3	көлік тұрағы	елеулі
7.11.4	жердің құнарлы қабатын пайдалану	елеулі
7.11.5	шағын сәулет нысандары	елеулі
7.11.6	жарықтандыру	елеулі
7.12	сәулеттік бейненің стилистикасы	елеулі
7.13	қоршап тұрған ғимараттармен өзара үйлесімдік сипаты	елеулі
7.14	түсі бойынша шешім	елеулі
7.15	жарнамалық-ақпараттық шешім	елеулі
7.15.1	түнгі жарықпен безендіру	
7.16	кіру тораптары	елеулі
7.17	халықтың іс-қимылы шектеулі топтарының тіршілік әрекеті үшін жағдайлар жасау	өрескел
7.18	дыбыс-шу көрсеткіштері бойынша шарттарды сақтау	елеулі
7.19	жертөле	елеулі
7.20	қасбет	елеулі
7.21	жылумен жабдықтау	елеулі
7.22	сумен жабдықтау	елеулі
7.23	кәріз	елеулі
7.24	электрмен жабдықтау	елеулі
7.25	газбен жабдықтау	елеулі
7.26	телекоммуникация	елеулі
7.27	дренаж (қажет болған жағдайда) және нөсер кәрізі	елеулі
7.28	стационарлық суару жүйелері	елеулі
7.29	инженерлік іздестірулер бойынша	елеулі
7.30	қолданыстағы құрылыстар мен құрылғыларды бұзу (ауыстыру) бойынша	елеулі
7.31	жер асты және жер үсті коммуникацияларын ауыстыру бойынша	елеулі
7.32	жасыл екпелерді сақтау және/немесе отырғызу бойынша	елеулі
7.33	учаскені уақытша қоршау салу бойынша	елеулі
7.34	нобайлық жоба бойынша жалпы құрылыс салу алаңы	елеулі
8	Көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап ету фактілері	елеулі
9	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға салынуы көзделген және салынып жатқан объектілермен кешендер туралы ақпаратты дұрыс және уақытылы ұсынбау	елеулі
10	Сәулет және қала құрылысы органына бұрын берілген нұсқамаларды орындамау	елеулі
5. Рассталған шағымдар мен өтініштердің болуы		

11	Жоспардан тыс тексеру нәтижесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге барудың нәтижесі арқылы жеке не болмаса заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
6. Бұрынғы тексерулер нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді		
12	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді мекендерінің мынадай қала құрылысы жобаларымен қамтылуы:	
12.1	бас жоспарлармен	елеулі
12.2	егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен	елеулі
12.3	құрылыс салу жобаларымен	елеулі
12.4	мынадай қағидаларды сақтай отырып, қала құрылысы жобаларын әзірлеу және іске асыру:	
12.4.1	қала құрылысы регламенттерінің	елеулі
12.4.2	мемлекеттік қала құрылысы нормативтерінің	елеулі
12.5	аумақтарды аймақтарға бөлінуін сақтау:	
12.5.1	аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу	елеулі
12.5.2	қызыл сызықтардың сақталуы	өрескел
12.5.3	сары сызықтардың сақталуы	өрескел
12.5.4	құрылыс салуды реттеу сызығының сақталуы	өрескел
13	Жергілікті атқарушы органдардың шешімін дайындау кезінде мынадай қала құрылысы талаптарын сақтау:	
13.1	өтініш берушіге жерге тиісті құқық беру туралы	өрескел
13.2	қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларына (жекелеген бөліктеріне) реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау жүргізуге арналған тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі	өрескел
13.3	тарих және мәдениет ескерткіштері мен олардың ансамбльдерін сақтау бойынша	өрескел
14	Құрылысқа арналған эскизді (жобаны) келісу туралы талаптарын сақтау	елеулі
15	Объектілерді пайдалануға беру актілерін міндетті түрде тіркеу және пайдалануға берілетін объектілердің (кешендердің) есебін жүргізу	елеулі
16	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, салынып жатқан (салынуы көзделген) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізу	елеулі
17	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру мерзімдерін сақтау	елеулі
18	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру мынадай негіздемелерді толтыра отырып:	
18.1	учаскенің орналасқан жері	өрескел
18.2	құрылыстың болуы (учаскедегі қолданыстағы құрылғылар мен құрылыстар, оның ішінде коммуникациялар, инженерлік құрылыстар, абаттандыру элементтері және басқалар)	өрескел
18.3	геодезиялық зерделенудің (түсірілімдердің болуы, олардың масштабтары болуы)	өрескел
18.4	инженерлік-геологиялық зерделенуі (инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ-ботаникалық материалдардың және басқа да іздестірулердің болуы)	өрескел
18.5	объектінің функционалдық мәні	елеулі
18.6	қабаты	елеулі

18.7	жоспарлау жүйесі	елеулі
18.8	конструктивтік схемасы	елеулі
18.9	инженерлік қамтамасыз ету	елеулі
18.10	көлемдік-кеңістіктік шешімді толтыра отырып	елеулі
18.11	бас жоспардың жобасы:	елеулі
18.11.1	тік жоспарлау	елеулі
18.11.2	абаттандыру мен көгалдандыру	елеулі
18.11.3	көлік тұрағы	елеулі
18.11.4	жердің құнарлы қабатын пайдалану	елеулі
18.11.5	шағын сәулет нысандары	елеулі
18.11.6	жарықтандыру	елеулі
18.12	сәулеттік бейненің стилистикасы	елеулі
18.12	қоршап тұрған ғимараттармен өзара үйлесімдік сипаты	елеулі
18.14	түсі бойынша шешім	елеулі
18.15	жарнамалық-ақпараттық шешім	елеулі
18.15.1	түнгі жарықпен безендіру	
18.16	кіру тораптары	елеулі
18.17	халықтың іс-қимылы шектеулі топтарының тіршілік әрекеті үшін жағдайлар жасау	өрескел
18.18	дыбыс-шу көрсеткіштері бойынша шарттарды сақтау	елеулі
18.19	жертөле	елеулі
18.20	қасбет	елеулі
18.21	жылумен жабдықтау	елеулі
18.22	сумен жабдықтау	елеулі
18.23	кәріз	елеулі
18.24	электрмен жабдықтау	елеулі
18.25	газбен жабдықтау	елеулі
18.26	телекоммуникация	елеулі
18.27	дренаж (қажет болған жағдайда) және нөсер кәрізі	елеулі
18.28	стационарлық суару жүйелері	елеулі
18.29	инженерлік іздестірулер бойынша	елеулі
18.30	қолданыстағы құрылыстар мен құрылғыларды бұзу (ауыстыру) бойынша	елеулі
18.31	жер асты және жер үсті коммуникацияларын ауыстыру бойынша	елеулі
18.32	жасыл екпелерді сақтау және/немесе отырғызу бойынша	елеулі
18.33	учаскені уақытша қоршау салу бойынша	елеулі
18.34	нобайлық жоба бойынша жалпы құрылыс салу алаңы	елеулі
19	Көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап ету фактілерінің болмауы	елеулі
20	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға салынуы көзделген және салынып жатқан объектілермен кешендер туралы ақпаратты дұрыс және уақытылы ұсыну	елеулі
21	Сәулет және қала құрылысы органына бұрын берілген нұсқамаларды орындау	елеулі

22	Сәулет және қала құрылысы органының ережелері мен лауазымдық нұсқаулықтарының болуы	елеулі
2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары		
1. Тексерілетін субъект ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;		
2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге барудың нәтижелері;		
3. Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;		
4. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сауалдары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмалары және мемлекеттік органдардың ақпараты.		
1	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау тәртібін сақтамау, оның ішінде:	
1.1	құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдамау	елеулі
1.2	қабылданған құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламалардың электрондық тізілімін жүргізбеу	елеулі
1.3	хабарламада көрсетілген деректердің дұрыс еместігі	елеулі
1.4	өтініш беруші мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы қызметкерінің арасындағы келіспеушілік туралы акті жасамау	елеулі
2	Салынып жатқан және салынған объектілерде мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтамау, оның ішінде:	
2.1	бекітілген (қайта бекітілген) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының болмауы	өрескел
2.2	жобаларға сараптаманың оң қорытындысының, оның ішінде жобаларға (түзету) сараптаманың қайта берілген қорытындысының болмауы	өрескел
2.3	жерге берілген тиісті құқықтың болмауы	өрескел
2.4	құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның болмауы	елеулі
2.5	орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкес келмеуі	өрескел
2.6	лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы	өрескел
3	Елді мекендер қоныстану үлгісіне және сол жердің жағдайына сәйкес халықтың барлық санаттары үшін (мүгедектер мен іс-қимылы шектеулі басқа да топтарды қоса алғанда) жұмыс орындарына, жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарға, әлеуметтік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне (ғимараттарына, коммуникацияларына) қол жеткізуін оңтайлы жағдайлармен және құралдармен қамтамасыз етілмеуі	өрескел
4	Объектілерді салу кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық және авторлық қадағалауларды ұйымдастыруына және жүзеге асыруына бақылауды тиісті жүзеге асырмауы	елеулі
5	Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органына ай сайынғы негізде объект құрылысының жай-күйі және барысы туралы есепті ұсынбауы	елеулі

6	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдарының техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметіне тексеруді тиісті ұйымдастырмауы және жүргізбеуі	елеулі
7	Мердігердің (бас мердігердің) берілген нұсқаманы орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны жөнінде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар ұсынған ақпарат бойынша әкімшілік шаралар қабылдамау	елеулі
8	Салынған объектіні, ол бекітілген жобаға және нормативтік талаптарға (шарттарға, шектеулерге) сәйкес толық дайын болған жағдайда пайдалануға қабылдау актілерін мониторингілемеу	елеулі
9	Салынып жатқан (реконструкцияланатын, кеңейтілетін, жаңғыртылатын, күрделі жөнделетін) және пайдалануға берілетін объектілерге мониторинг жүргізбеу	елеулі
10	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру кезінде тексеру жүргізу тәртібін сақтамау:	
10.1	тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексерілетін субъектіге хабарламау	елеулі
11	Тексеру жүргізу мерзімін (отыз жұмыс күннен аспайды) сақтамау	
11.1	отыз жұмыс күннен аспайтын мерзімге бір рет тексеру мерзімін ұзарту	елеулі
11.2	құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып, тексеру жүргізу туралы қосымша акті ресімдеу	елеулі
11.3	тексеруді бір айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұру	елеулі
11.4	құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға хабарлай отырып, тексерілетін субъектіге мынадай хабарлама беру:	
11.4.1	тексеру тоқтатыла тұрғанға дейін бір күн бұрын тексеруді тоқтата тұру туралы	елеулі
11.4.2	тексеруді қайта бастауға дейін бір күн бұрын тексеруді қайта бастау туралы	елеулі
11.4.3	барып бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізген кезде	елеулі
12	Тексеру нәтижелері туралы актіні тиісті жасамау, оның ішінде мәліметтердің толық болмауы	елеулі
13	Инспекциялаудың нәтижесі бойынша анықталған ақауларды сипаттай отырып, объектіге анықтаманы және ведомості тиісті жасамау және болмауы	елеулі
14	Мыналардың толықтығы мен дұрыстығы:	
14.1	хаттамалар	елеулі
14.2	қаулылар	елеулі
14.3	нұсқамалар	елеулі
15	Салынған әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу бойынша бақылауды тиісті жүзеге асырмау	елеулі
16	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға мониторингі, есептерді, ақпараттарды, мәліметтерді, материалдарды ұсынбау	елеулі
17	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органына бұрын берілген нұсқамалардың орындалмауы	елеулі
5. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы		
18	Жоспардан тыс тексеру нәтижесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды жергілікті органдардың тиісінше орындауын анықтау мақсатында объектіге барудың нәтижесі арқылы жеке не болмаса заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы	елеулі
6. Бұрынғы тексерулердің нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді		

19	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау тәртібін сақтау, оның ішінде:	
19.1	құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау	елеулі
19.2	қабылданған құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламалардың электрондық тізілімін жүргізілу	елеулі
19.3	хабарламада көрсетілген деректердің дұрыстығы	елеулі
19.4	өтініш беруші мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органы қызметкерінің арасындағы келіспеушілік туралы акті жасау	елеулі
20	Салынып жатқан және салынған объектілерде мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтау, оның ішінде:	
20.1	бекітілген (қайта бекітілген) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының болуы	өрескел
20.2	жобаларға сараптаманың оң қорытындысының, оның ішінде жобаларға (түзету) сараптаманың қайта берілген қорытындысының болуы	өрескел
20.3	жерге берілген тиісті құқықтың болуы	өрескел
20.4	құрылыс-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның болуы	елеулі
20.5	орындалған (орындалып жатқан) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдарының, конструкцияларының) және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігі	өрескел
20.6	лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғы	өрескел
	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау, оның ішінде:	
21	Іздестіру қызметімен айналысу үшін талаптар:	
21.1	штатында кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел
21.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы	елеулі
21.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуының болуы	елеулі
21.4	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	елеулі
21.5	жауапты инженер-техник жұмыскердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	елеулі
22	Жобалау қызметі	
22.1	III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары:	
22.1.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел

22.1.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы	елеулі
22.1.3	лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы	елеулі
22.2	II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары:	
22.2.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел
22.2.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы	елеулі
22.2.3	лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті, оның ішінде "ВІМ-технологияны" қолдана отырып, есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы	елеулі
22.2.4	лицензиаттың тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы	өрескел
22.2.5	іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы	өрескел
22.3	I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптары:	
22.3.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел
22.3.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы	елеулі
22.3.3	лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті, оның ішінде "ВІМ-технологияны" қолдана отырып, есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы	елеулі
22.3.4	лицензиаттың тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы	өрескел
22.3.5	іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы	өрескел
23	Құрылыс-монтаждау жұмыстары	
23.1	III санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
23.1.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел
23.1.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы	елеулі
23.1.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуы	елеулі
23.2	II санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
23.2.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел

23.2.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында өндірістік базаның болуы	елеулі
23.2.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуы	елеулі
23.2.4	лицензиаттың тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы	өрескел
23.2.5	іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы	өрескел
23.3	I санаттағы лицензиаттарға қойылатын талаптар:	
23.3.1	штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша тиісті аттестаты бар және өтініш берушіде тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде бір аттестатталған инженер-техник жұмыскердің болуы	өрескел
23.3.2	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығында өндірістік базаның болуы	өрескел
23.3.3	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында аз материалдық-техникалық жарақтандырылуы	елеулі
23.3.4	лицензиаттың тиісті жұмыс тәжірибесінің болуы	өрескел
23.3.5	іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы	өрескел
24	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын сақтау:	
24.1	қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы бойынша сарапшысына қала құрылысы, жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері бойынша жоғары кәсіптік білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдерін әзірлеу жөнінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдардың болуы	өрескел
24.2	жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысына құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдардың болуы	өрескел
24.3	жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысына құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдардың болуы	өрескел
24.4	жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысына құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдардың болуы	өрескел
24.5	жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысына құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және жобалау қызметінде кемінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдардың болуы	өрескел
